

**"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 қарашадағы № 233 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 қарашада N 2986 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2017 жылғы 04 сәуірдегі № 70 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.04.2017 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 158 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 12 ақпандағы № 2551 болып тіркелген, "Тайынша Таңы" 2014 жылғы 21 ақпандағы аудандық газетінде, "Тайыншинские вести" 2014 жылғы 21 ақпандағы аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

көрсетілген Қағидалардың 2-тармағы 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, айына бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;"

көрсетілген Қағидалардың 6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 1 қосымшасында көрсетілген санаттардың біреуі бойынша жылына бір рет көрсетіледі."

көрсетілген Қағидалардың 8-тармағының екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіздеме болып табылады:

жетімдік;

ата-ананың қамқорлығы жоқ жағдайда;

кәмелетке толмағандардың қараусыздығы, оның ішінде девиантты құлықтылар;

туғаннан үш жасқа дейінгі балалардың ертедегі психо-дене тұрғылық дамудағы мүмкіндігі шектеулі жағдайда;

дене және (немесе) ақыл-ес мүмкіндіктеріне қарай организм қызметінің тұрақты бұзушылығы жағдайда;

айналадағыларға қауіп төндіретін, әлеуметтік маңызды аурулар және аурулар салдарынан өмір әрекеті шектелген жағдайда;

ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан, қартаюына байланысты өзіне өзі күтім көрсетуге қабілетсіздігі жағдайда;

әлеуметтік бейімсіздікке және депривацияға әкеп соққан қатыгез қатынас жағдайында;

панасыздық (белгілі тұрғылықты жері жоқ тұлғалар);

бас бостандығынан айыру орындарынан босаған кезде;

қылмыстық-атқару инспекциясы сынақ қызметінің тіркеуінде тұрған жағдайда;

жылына бір рет Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне табыстарын ескермей, тіс протезін салу және санаторлы-курорттық емделуге қажеттілігі (2015 жылғы 01 қаңтардан бастап);

ай сайын екі айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне табыстарын ескермей, коммуналдық қызметтерді төлеу және отынды сатып алу үшін ай сайынғы өтемақылардағы қажеттілігі (2015 жылғы 01 қаңтардан бастап);".

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек

көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына 2 қосымшасы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы  
мәслихатының  
XXXI-ші сессиясының  
төрағасы

Н. Қошқарбаев

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы  
мәслихатының хатшысы

Қ. Шәріпов

"КЕЛІСІЛГЕН"  
Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі

Е.Сұлтанов

2014 жылғы 05 қараша

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 05 қарашадағы № 233 шешіміне 1 қосымша  
Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына 1 қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері**

№	п/п	Алушылар санаттары	Айлық есептік көрсеткіштерде әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері
15	ақпан	– Ауған аумағынан әскерді шығару күні	
1. Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан – Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР			

1	Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.	жылына бір рет, 15
2	Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	жылына бір рет, 15
3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамындағы қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.	жылына бір рет, 15
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары.	жылына бір рет, 15
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	жылына бір рет, 15
6	Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енген жұмысшылары мен қызметшілері.	жылына бір рет, 15
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні		
7	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар.	жылына бір рет, 5
26 сәуір – Чернобыль атом электро стансасындағы апатты еске алу күні		
8	1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттары мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.	жылына бір рет, 15
9	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық аруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	жылына бір рет, 15
10	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары.	жылына бір рет, 15
11	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан суле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары.	жылына бір рет, 15
1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен)		

12	адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.	жылына бір рет, 15
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні		
13	Бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндетін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары.	жылына бір рет, 5
14	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары.	жылына бір рет, 5
9 мамыр – Жеңіс күні		
15	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	жылына бір рет, 50
16	Қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСО Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	жылына бір рет, 5
17	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдар.	жылына бір рет, 5
18	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	жылына бір рет, 5
19	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	жылына бір рет, 5
20	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлерді, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері.	жылына бір рет, 5
21	Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар.	жылына бір рет, 5
22	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	жылына бір рет, 5
23	Әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	жылына бір рет, 5

24	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	жылына бір рет, 5
25	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамын қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасылары.	жылына бір рет, 5
26	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қарсы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері).	жылына бір рет, 5
27	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері және медальдерімен наградталған адамдар.	жылына бір рет, 5
2015 жылғы 9 мамырдағы Жеңіс күні		
28	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	жылына бір рет, 100
29	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері және медальдерімен наградталған адамдар.	жылына бір рет, 25
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні		
30	Бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	жылына бір рет, 15
31	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.	жылына бір рет, 3
30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні		
32	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары.	жылына бір рет, 10

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2014 жылғы 05 қарашадағы № 233 шешіміне 2 қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларына 2 қосымша

**Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері**

№ р/р	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
1	2	3	4
1.	Жетімдер; ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған адамдар; қараусыз кәмелетке толмағандар, соның ішінде девиантты құлықтылары; туғаннан үш жасқа дейінгі ерте психоденелік дамуынан мүмкіндіктері шектеулі балалар; дене және (немесе) ақыл-ес мүмкіндіктеріне қарай ағза қызметінің тұрақты бұзушылықтары бар адамдар; айналадағыларға қауіп төндіретін, әлеуметтік маңызды аурулар және аурулар салдарынан өмірлік іс-әрекеті шектелген адамдар; шалдыққан ауруының және (немесе) мүгедектігінің салдарынан, қартаюына байланысты өзіне өзі күтім көрсетуге қабілетсіздігі жағдайда; әлеуметтік бейімсіздікке және депривацияға әкеп соққан қатыгез қатынас жағдайында; панасыздық ( белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдар); бас бостандығынан айыру орындарынан босаған кезде; қылмыстық-атқару инспекциясының сынақ қызметінің тіркеуінде тұрған жағдайда	жартыжылдықта 1 рет, 5 минималды есептік көрсеткіш	Өмірдің қиын жағдайы туындаған күннен 6 ай ішінде
2.	Тайынша ауданы аумағында тұрып жатқан, табыстары жан басына шаққанда орташа күнкөріс деңгейінің 1,5 аспайтын, табиғи зіл-заланың немесе өрттің салдарынан жапа шеккендер немесе әлеуметтік маңыздылығы бар ауруға шалдыққан (қатерлі өскінімен тұлғалар, туберкулездің ауыр түрімен ауырғандар, мүгедек балалар) азаматтар	6 0 минималды есептік көрсеткіш	өмірдің қиын жағдайы туындаған күннен 6 ай ішінде
3.	Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан күндізгі оқу нысанда жоғары кәсіби білім органдарында балаларды оқыту үшін бекітілген деңгейден аспайтын жан басына шаққанда, күнкөріс минимумынан төмен отбасының тұтас табысы бар аз қамтылған отбасылар	1 6 0 минималды есептік көрсеткіш	о қ у жылының басында
4.	Туберкулездің белсенді нысанымен ауыратындар, табыстарын есебінсіз	5 айлық есеп көрсеткіші	тоқсанда 1 рет (2015 жылғы 1 қаңтардан)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК